

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану
және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық
бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің
мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің
нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2023 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы: _____
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____
- 3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____
- 3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ұсынымдар: _____

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өндірілген сомалардың құжаттары.

**Шымкент қаласы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
Н.Налибаевқа**

**«Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану
және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық
бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің
мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің
нәтижелеріне**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:

«Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

«Жылу жүйелеріне жаратылған қаржылардың тиімді әрі мақсатына сай пайдаланылуы».

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

- Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма);
- Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы "Қуат Жылу Орталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2020-31.12.2022 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.М. Сүлейменовтың басшылығымен өткен кеңестің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы хаттамасына, Жоғары аудиторлық палатаның хатына және Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс шара жүргізілді. Аудиторлық іс шарамен жалпы қамтылған қаржы көлемі 12 891 489 теңгені құрады, оның ішінде Басқарма бойынша 309371-012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 703 491,0 мың теңге (005 «Ішкі қарыздар есебінен»). 3 703 491,0 мың теңге, 309371-028

бюджеттік бағдарламасы бойынша «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 6 332 360,0 мың теңге (015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» 6 332 360,0 мың теңге).

Кәсіпорын бойынша 309371-107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» 2 356 239,0 мың теңге, 065 «Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 499 399,0 мың теңге аудитпен қамтылды.

Басқарманың мақсаты Шымкент қаласы аумағында энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында мемлкеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады, ал Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты энергия жылумен, сумен, газбен жабдықтау саласында шаруашылық қызметін жүзеге асыру болып табылады. Қызмет мақсаты, қуат, газ, су және жылумен қамтамасыз ету салада осы қызмет мақсаттар шаруашылық қызметте болып табылады.

Жалпы Шымкент қаласы бойынша жылу желілерінің ұзындығы - 838,6 шақырымды құрайды, оның ішінде «Қуатжылуорталық-3» МКК-на қарасты - 823,8 шақырым, «НурАрыстан» ЖШС-не қарасты - 14,8 шақырым.

Магистраль мен ішкі орамды қосқанда диаметрлер бөлінісінде атап айтқанда: 1000d - 24990 метрді, 800d – 8773 метрді, 700d - 36742 метрді, 500d - 81495 метрді және 20 - 400d – 686600 метрді құрайды.

2016-2022 жылдары тозығы жеткен жылу жүйелері 70%-дан 37%-ға төмендеген, немесе 519 шақырым тозығы жеткен жылу жүйе құбырларының 247 шақырымы жөнделген. 2023-2027 жылдары қалған 304 шақырымының 100 шақырымын жөндеуден өткізу немесе 37%-дан 31%-ға төмендету жоспарланған.

Жылу жүйелерінің тозу деңгейі:

2020 жылы 39,6% (42,8 шақырым);

2021 жылы 38,2% (29,5 шақырым);

2022 жылы 37,3% (19,4 шақырым);

2023 жылы 36,2% (11,5 шақырым);

2024 жылы 35,5% (19,2 шақырым);

2025 жылы 34,1% (20,2 шақырым);

2026 жылы 32,4% (24,1 шақырым);

2027 жылы 31,3% (25,1 шақырым).

Шымкент қаласы бойынша жалпы қазандықтардың атауы тозығы жеткен пайызы мен кәсіпорынға берілген жылдары мен берген мекеме атауы.

р/с №	Қазандық атауы	Іске қосылған жыл	Тозығы жеткен (%)	"ҚуатЖылу Орталық - 3" МКК-ға берілген жыл	Қазандықты берген мекемелер
1	Котельная К-24	1977-78	95%	2019	ТЭЦ-3
2	Котельная К-54	1982	95%	2019	ТЭЦ-3
3	Котельная РК-3	1989-90	95%	2019	ТЭЦ-3

4	Котельная К-19	1984-94	95%	2019	ТЭЦ-3
5	Котельная ПМК-49	1994	95%	2019	ТЭЦ-3
6	Котельная ЖК «Отау»	2007	35%	2018	«Дара жылу құрылыс» ЖШС
7	Котельная АДЦ-160 ГКАЛ	2015	25%	2016	Құрылыс Басқармасы
8	Котельная ЖК «БИИК»	2015	20%	2018	«Дара жылу құрылыс» ЖШС
9	Котельная «Туран»	2017	20%	2018	Құрылыс Басқармасы
10	Котельная мкр, «Ақжайық»	2017	20%	2018	Құрылыс Басқармасы
11	Котельная «Керемет»	2017	20%	2018	«Дара жылу құрылыс» ЖШС
12	Котельная Шым-сити	2020	95%	2020	Құрылыс Басқармасы
13	Котельная мкр.Туран ЖК «NEWCITY»	2020	10%	2021	Құрылыс Басқармасы
14	Котельная «Жана Турлан»	2020	10%	2021	Құрылыс Басқармасы
15	Котельная мкр. Туран-2 (20MBT)	2020	10%	2021	Құрылыс Басқармасы
16	Котельная Туран-2 (25MBT)	2020	10%	2021	Құрылыс Басқармасы
17	Котельная ЖК «Арай»	2020	5%	2022	«Ерназ-7» ЖШС
18	Котельная ЖК «Роял Апартаментс»	2020	5%	2022	«Дара жылу құрылыс» ЖШС
19	Котельная ЖК «Nauryz Park»	2022	5%	2022	«Дара жылу құрылыс» ЖШС
20	Котельная ЖК «Байдибек би»	2022	5%	2022	«Аксу-Энерго» ЖШС
21	Котельная ЖК «Дендропарк»	2022	5%	2022	«Shymkent GroupСтрой»
22	Котельная ЖК «Арман қала»	2022	5%	2022	«Shymkent GroupСтрой»
23	Котельная «Тумар»	2022	5%	2022	«Shymkent GroupСтрой»

Жылумен жабдықтау саласында іске асырылып жатқан жобалардың көрсеткіштері, Шымкент қаласы маслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №73/681-бс шешімімен бекітілген (2022 жылғы 14 желтоқсандағы №23/219-VII шешімімен өзгертілген) Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға даму жоспарына сәйкес орындалған.

Басқарма тарапынан ұсынылған құжаттарға сәйкес, Шымкент қаласының 2020-2022 жылдардағы жылу беру маусымының қорытындысы жылу беру маусымына дайындық барысы Шымкент қаласының әкімдігінде арнайы мәжілісте қаралып, дайындық жұмыстары бойынша қадамдық іс-шара жоспары, штаб құрамы бекітілген.

Жоспарға сәйкес, «3-Энергоорталық» АҚ-ның негізгі және қосалқы қондырғыларына жоспарланған жөндеу жұмыстары толық аяқталып, нысан қысқы маусымға дайын болған.

«ҚуатЖылуОрталық - 3» МКК-ның 23 жылу қазандықтары және 15 сорғы стансаларының ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталып, жылу маусымына отын қорымен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, тозығы жеткен жылу жүйелерінің және сорғы станциялардың тозу деңгейін төмендету мақсатында жергілікті бюджеттен қаржы қаралып, 19,4 км ішкі орамдық жылу жүйелерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары, 2 сорғы станцияларға қайта құру жұмыстары жүргізілген, нәтижесінде жылу жүйелерінің тозу деңгейі 37%-ға төмендеген, 2 сорғы станцияда пайдаланатын электр қуаты үнемделген, сорғылар тоқтаусыз жұмыс атқарып, көпқабатты тұрғын үйлер мен бюджеттік мекемелерге жылу тасымалдануда.

Инженерлік желілерде (*газ, су, электр, жылу*) қысқы маусымға жоспарланған жөндеу жұмыстары аяқталған.

Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 2070 көпқабатты тұрғын үйлер мен 484 бюджеттік мекемелер жылу маусымына дайындалған.

Бюджеттік нысандарға қажетті 4,7 мың тонна көмір мен 655 тонна сұйық отынға келісім-шарт жасалған.

Шымкент қаласы әкімінің 2022 жылдың 14 қазандағы №125-ө өкіміне сәйкес, «3-Энергоорталық» АҚ-нан және дербес қазандықтардан жылу алатын тұтынушылар үшін жылыту маусымы 20 қазанынан басталған.

«3-Энергоорталық» АҚ-да (*ТЭЦ-3*) қазіргі кезде, №1, №2 қазандықтар жұмыс істеуде, №3 қазандық резервте, №1, №2 турбогенератор 140 МВт электр қуатын өндіруде.

«ҚуатЖылуОрталық - 3» МКК-на қарасты 23 қазандықтар мен 17 сорғы станциялар жұмыс атқарып, жылу өндіруде.

Бүгінге, қаланың 2070 көпқабатты тұрғын үйлер мен 484 бюджеттік мекемелер жылумен қамтамасыз етілген.

Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасының даму басымдықтары және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленген. Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы "ҚуатЖылуОрталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 2020 жылы инвестициялық бағдарламаларды орындау барысында жалпы 35 жобаға 110 714 205,0 мың теңге және 2020 жылы жалпы 2 жобаға 11 698 000,0 мың теңге қаржы жұмсалған.

2020 жылы жалпы 3464,26 метр құбыр ауыстырылған, оның ішінде 31 жоба 3438 метр ауыстыруға жоспарланған қаржы 110 714 205,0 теңгені құраса, нақты жұмыслаган қаржы 91 534 288,49 теңгені құрап, 19 179 916,51 теңге

үнемделіп, 3 жобаға 26,26 метр құбыр 16 605 184,54 теңге және К-19 жобасы бойынша шатыр жабуға 2 911 260,61 теңге жаратылған.

2021 жылы жалпы 2414 метр құбыр ауыстырылған, оның ішінде 2 жоба 2173 метр ауыстыруға жоспарланған қаржы 111 698,1 мың теңгені құраса, нақты жұмыслаган қаржы 74 467,22 мың теңгені құрап, 37 230,88 мың теңге үнемделіп, үнемделген қаржыға 1 жоба бойынша 241 метр құбырды ауыстыруға 38 152,0 мың теңге жаратылған.

2022 жылы жалпы 16 639,554 мың теңгеге Быковский көшесі №5,6,7 бойынша ТК-6 жылу желілерін қайта жаңарту бойынша 430 метр құбыр ауыстырылған.

Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасының даму басымдықтары және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленген, атап айтқанда:

2020 жылы инвестициялық бағдарламаларды орындау барысында жалпы 35 жобаға 110 714 205,0 мың теңге және 2020 жылы жалпы 2 жобаға 11 698 000,0 мың теңге қаржы жұмсалған.

2020 жылы жалпы 3464,26 метр құбыр ауыстырылған, оның ішінде 31 жоба 3438 метр ауыстыруға жоспарланған қаржы 110 714 205,0 мың теңгені құраса, нақты жұмыслаган қаржы 91 534 288,49 мың теңгені құрап, 19 179 916,51 мың теңге үнемделіп, 3 жобаға 26,26 метр құбыр 16 605 184,54 мың теңге және К-19 жобасы бойынша шатыр жабуға 2 911 260,61 мың теңге жаратылған, атап айтқанда:

1. Сайрам м/а №1 үй – Д108- 44метр, Д89- 98 метр, Д57-41 метр;
2. Сайрам м/а №34а үй – Д76 – 41 метр;
3. Сайрам м/а №12 үй – Д76 – 92 метр;
4. Карасу м/а №59,60, Гимназия №8 ТК-3а, 3кезек–Д89-140 метр,Д57–64метр;
5. ТК - 26/1 2-кезек Байтұрсынов көшесі №4 бойынша т/ж Д57-64 метр;
6. Қабанбай батыр көшесі №10а Д57-100 метр;
7. Голицын көшесі № 1а К-54 Тұрлан экспедициясы Д57-100 метр;
8. ТК - 4 Ташенов көшесі №77 Д57-90 метр;
9. ТК-8в 2-кезек "Гүлдер" д/бақшасына 8 наурыз көшесі бойынша Д57-86 метр;
10. ТК-1д бекіту арматурасын ауыстыру 219мм*6 метр;
11. ТК-5-те бекіту арматурасын ауыстыру 273мм*6 метр, 219мм*12метр;
12. ТК-1-де бекіту арматурасын ауыстыру 325мм*12 метр;
13. ТК-1а-дағы бекіту арматурасын ауыстыру 89мм*6 метр;
14. ТК-7-де бекіту арматурасын ауыстыру 219мм*6 метр, 108мм*6 метр;
15. ТК-9-да бекіту арматурасын ауыстыру 219мм*6 метр;
16. ТК-10-да бекіту арматурасын ауыстыру 159мм*6 метр;
17. ТК-48-де бекіту арматурасын ауыстыру 89мм*12 метр;
18. Диваев көшесі бойынша №35 ОМ ТК Д108-194 метр;
19. ТК-6 сол жақтан Рашидов көшесі бойынша №116 т/ж Д57-100 метр;
20. ТК-6 сол жақтан Рашидов көшесі бойынша №114 т/ж Д57-200 метр;
21. ТК-6-дан солға қарай №41а Республика т / ж Д108-100 метр, Д76-40 метр;

22. ПНС-5 Республика даңғылы Д325-2 метр;
23. 17 мкр. ж/д №4а,5а,6а Д108-68 метр, Д76-180метр, Д57-260метр;
24. ш / а. Солтүстік 1-2 кіріс Д325-11 метр;
25. 15 ш / а. Жібек жолы № 43 т/ж Д108-68метр, Д76-180метр, Д57-260метр;
26. Қазандықтан ТК-14-3-ке дейін т/ж Отырар ш/а. Д273-140метр;
27. ҚР-2, 1-кезек № 34а Темірлан тас жолы Д57-70метр;
28. ҚР-3 қазандықтары ғимаратының шатырын жөндеу, Хим.ҚР цехы-3, К-24, К-19, ПМК-49, К-54.
29. ТК-23а Республика даңғылы Д219-112метр;
30. ҚР-2, 1-кезек Құрманбекова №34 Д89-279метр;
31. ҚР-1 Жандосов көшесі Д325-20метр;
32. ҚР-2 Қожанов көшесі Д325-20,2метр;
33. ОНС - 3 Орынбаев-Перов көшесі № 62 Д530-6,06метр;
34. К-19 шатыры.

2021 жылы жалпы 2414 метр құбыр ауыстырылған, оның ішінде 2 жоба 2173 метр ауыстыруға жоспарланған қаржы 111 698,1 мың теңгені құраса, нақты жұмсалаған қаржы 74 467,22 мың теңгені құрап, 37 230,88 мың теңге үнемделіп, үнемделген қаржыға 1 жоба бойынша 241 метр құбырды ауыстыруға 38 152,0 мың теңге жаратылған.

1. Сухэ-Батор көшесі бойынша ҚР-1-ден ТК-8-ге дейінгі жылу желілерін реконструкциялау Д530-391метр, Д89-560метр, Д76-177метр, Д500-2 дана, Д400-2дана, Д200-2дана, Д150-2дана, Д80-1дана;

2. Толстой к-сі ТК-4-тен №14 ОМ-ге дейінгі жылу желілерін қайта жаңарту Адырбеков к-сінің бұрышы Д159-102метр, Д133-50метр, Д76-379метр, Д57-514 дана;

3. Орынбаев көшесі Д530-241метр.

2022 жылы жалпы 16 639,554 мың теңгеге Быковский көшесі №5,6,7 бойынша ТК-6 жылу желілерін қайта жаңарту бойынша 430 метр құбыр ауыстырылған.

Тарифтерді талдау және бекітілген тарифтік сметаның орындалуы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 06.09.2017 жылғы №102-НҚ бұйрығымен «Қуатжылуорталық-3» МКК Шымкент қаласы бойынша тұтынушыларға жылу энергиясын беру, бөлу және жылу энергиясын сату қызметтеріне 2017-2021 жылдарға арналған орта мерзімді кезеңге тарифтік сметалар бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 06.12.2018 жылғы №162-НҚ бұйрығымен «Қуатжылуорталық-3» МКК ӘІО қазандығы арқылы жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтердің тарифтік сметасы бекітілген.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 19 наурыздағы №91-НҚ бұйрығымен бекітілген «Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін

(бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету қағидаларын бекіту туралы» ережесіне (бұдан әрі – *Ереже*) сәйкес, Кәсіпорын тарапынан 2019 жылдың 19 қыркүйегіндегі №3-2207 хатымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне (бұдан әрі – *Департамент*) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтерінің орташа босату тарифін 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап 4,2%-ға өсіруді қарауына ұсынып, Департамент тарапынан 2019 жылғы 31 қазандағы №01-04-15/49 шығыс хатына сәйкес тарифті өсіруге келісетіндігін хабарлаған.

Ережеге сәйкес, Кәсіпорын тарапынан 2020 жылдың 28 қазанындағы №3-2427 хатымен Департаментке жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтерінің орташа босату тарифін 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап 7,46%-ға төмендетуді қарауына ұсынып, Департамент тарапынан 2020 жылғы 30 қазандағы №01-04-15/1005 шығыс хатына сәйкес төмендетуге келісетіндігін хабарлаған.

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 8-бабы 12) тармақшасына және 22-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 607-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №144-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы шығарылып, «Кәсіпорынның 2022-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтері мен тарифтік сметасын бекіту туралы» 2022 жылғы тарифтік сметаның №1,2 қосымшаларына өзгерістер енгізілген.

Басқарма тарапынан Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 67-бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» № 511 бұйрығымен бекітілген қағидаларына сәйкес, бюджеттік өтінім әзірленіп, ұсынылған.

2020 жылы 371012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 984 852,0 мың теңге қаралып, 1 984 851,99 мың теңгесі игерілген.

2021 жылы 371012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 165 847,0 мың теңге қаралып, 2 165 845,8 мың теңгесі игерілген.

371028 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 960 001,0 мың теңге қаралып, 1 960 000,0 мың теңгесі игерілген.

2022 жылы 371012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 525 092,0 мың теңге қаралып, 525 091,0 мың теңгесі игерілген.

371028 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 400 000,0 мың теңге қаралып, 3 399 999,0 мың теңгесі игерілген.

Жылу инфрақұрылымының бюджеттік инвестициялық жобалары бойынша 2020 жылы 2 жобаның құрылысы 2021 жылға өтпелі.

Атап айтқанда:

1. «Шымкент қаласы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистралды желілерді салу (ЖК-2 ден Арғынбеков - Сухэ Батор (Шаяхметова) көшелерінің қиылысына дейін жылу жолы учаскесі)» жобасына жергілікті бюджеттен қаралған 336 452,0 мың теңге игерілген. Нысанның құрылысы 2021 жылға өтпелі. Мердігер «Казойлсервис» ЖШС.

2. «Шымкент қаласындағы №3 ЖК-ден №1 РК-ге дейін магистральды жылу желісін салу (Арғынбеков - Сухэ Батор көшелерінен 1-РК аумағының қоршауына дейінгі жылу трассасы учаскесі)» жобасына жергілікті бюджеттен қаралған 439 094,3 мың теңге игерілген. Нысанның құрылысы 2021 жылға өтпелі. Мердігер «Нурайстрой» ЖШС.

Инжинирлік қызметке «Абил Строй инжиниринг» ЖШС-ке 6624,08 мың теңге және авторлық қадағалау үшін «Казнұр» ЖШС-ке 2281,6 мың теңге жаратылған.

"ОҚО, Шымкент қаласындағы Гагарин, Громов, Абай көшелеріндегі магистральды жылу желілерін қайта жаңарту" бойынша атқарылған жұмыстар үшін 228041,0 мың теңге «Корпорация сити строй» ЖШС-тің есеп шотына аударылған.

Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 900,0 мың теңге және Шымкент қаласының жылу желілерін жылу оқшаулауға 72,3 мың теңге бөлініп, "ҚуатЖылуОрталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны тарапынан ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2021 жылы 2 нысанның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, аяқталған.

Атап айтқанда:

1. «Шымкент қаласы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистралды желілерді салу (ЖК-2 ден Арғынбеков - Сухэ Батор (Шаяхметова) көшелерінің қиылысына дейін жылу жолы учаскесі)» жобасына ішкі қарыздар есебінен 99 357,0 мың теңге игерілген. Мердігер «Казойлсервис» ЖШС 2021 жылғы 14 шілдедегі №10 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған.

-Инжинирлік қызмет үшін «Мир Строй и Компания» ЖШС-ке 345,7 мың теңге және авторлық қадағалауға «Казнұр» ЖШС-ке 297,0 мың теңге жаратылған.

2. «Шымкент қаласындағы №3 ЖК-ден №1 РК-ге дейін магистральды жылу желісін салу (Арғынбеков - Сухэ Батор көшелерінен 1-РК аумағының қоршауына дейінгі жылу трассасы учаскесі)» жобасы бойынша ішкі қарыздар есебінен 1 988 818,6 мың теңге игеріліп, 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №83 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған. Мердігер «Нурайстрой» ЖШС.

- Инжинирлік қызмет үшін «Абил Строй инжиниринг» ЖШС-ке 54 513,9 мың теңге және авторлық қадағалауды «Казнұр» ЖШС-ке 22 513,5 мың теңге жаратылған.

- Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 1 960 001,0 мың теңге бөлініп, "Туран ГГ" ЖШС тарапынан ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2022 жылы 3 нысанның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 2 нысанның құрылысы аяқталды. Қалған 1 нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі.

Атап айтқанда:

1. «Шымкент қаласының Қаратөбе тас жолындағы К-4 сорғы станциясын реконструкциялау» жобасы бойынша жергілікті бюджет есебінен 132 933,4 мың теңге игерілген. Мердігер «ХМСУ Шымкент Мелиорация» ЖШС. 2022 жылғы 24 қарашадағы №34 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған.

- Инжинирлік қызметті «Корган эксперт» ЖШС- тің есеп шотына 7 080,4 мың теңге және авторлық қадағалауды «ГрадСтрой энергия» ЖШС-тің есеп шотына 1 399,3 мың теңге аударылған.

2. «Шымкент қаласының 18-ықшам ауданындағы ОНС-4 сорғы станциясын реконструкциялау» жобасы бойынша ішкі қарыздар есебінен 73 721,5 мың теңге игерілген. Мердігер «ХМСУ Шымкент Мелиорация» ЖШС. 2022 жылғы 24 қарашадағы №35 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған.

-Инжинирлік қызмет үшін «E[rpert M» ЖШС-тің есеп шотына 2 201.5 мың теңге және авторлық қадағалауды «ГрадСтрой энергия» ЖШС- тің есеп шотына 755,0 мың теңге аударылған.

3. «Шымкент қаласында ЖК-4-тен Гоголь көшесінің бойындағы ЖСС-3-ке дейін және Адырбеков көшесінің бойындағы ЖСС-2-ден ЖК-4-ке дейін жылу желілерін реконструкциялау». Түзету» нысанына жергілікті бюджеттен қаралған 299 378,0 мың теңге игерілген. Мердігер «ХМСУ Шымкент Мелиорация» ЖШС Нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі.

- Инжинирлік қызметті «ALKHAR U GROUP» ЖШС- тің есеп шотына 7 901,0 мың теңге және авторлық қадағалауды «Қазығұрт проект» ЖШС-тің есеп шотына 2 721,0 мың теңге аударылған.

- Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2 880 000,0 мың теңге бөлініп, "Мерей и К" ЖШС тарапынан ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген және Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 519 999,0 мың теңге "ҚуатЖылуОрталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның есеп шотына аударылған.

Кәсіпорын Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорын балансына жаңадан қаланың жылу желілері толығымен және Әкімшілік іскер орталығықазандығы берілгендіктен жоғарыда бекітілген тарифтер Кәсіпорын үшін тиімсіз болған.

Кәсіпорын шығынға ұшыраған, сонымен қатар «Энергоорталық-3» АҚ-ның алдында берешегі болған.

Шығындардың 2017-2021 жылдардағы негізгі себептері:

Тұтынушылар топтары бойынша дифференциациядан (есепке алу құралдары бар немесе жоқтығына байланысты тұтынушылар санаттары арасындағы көлемдерді бөлудің сәйкессіздігі) қаржылық шығындар 1 938 608,81 мың теңгені құраған, оның ішінде 2020 жылы 376 710,0 мың теңге, 2021 жылы 354 793,1 мың теңге.

Кәсіпорынның мәліметіне сәйкес, 2020 жылы тұтынушы заңды тұлғалардың саны 1 128, ал халық саны 72 500 абонентті құрады.

Заңды тұлғалар бойынша 2020 жылғы дебиторлық берешек 206 430,3 мың теңгені, ал кредиторлық берешек 11 069,6 мың теңгені, жеке тұтынушылар бойынша дебиторлық берешек 418 326,4 мың теңгені, кредиторлық берешек 18 731,7 мың теңгені құраған.

2021 жылы тұтынушы заңды тұлғалардың саны 1 201 адамды, халқы - 75 644 абонентті құраған.

Заңды тұлғалардың 2021 жылғы дебиторлық берешегі 159 100,7 мың теңгені, ал кредиторлық берешегі 18 423,9 мың теңгені, жеке тұтынушылар бойынша дебиторлық берешегі 433 243,9 мың теңгені, кредиторлық берешегі 6 314,6 мың теңгені құраған.

2022 жылы тұтынушы заңды тұлғалардың саны 1 379, халық саны-79 363 абонентті құраған.

Заңды тұлғалардың 2022 жылғы дебиторлық берешегі 343 216,2 мың теңгені, ал кредиторлық берешегі 267 012,9 мың теңгені, жеке тұтынушылар бойынша дебиторлық берешегі 533 328,9 мың теңгені, кредиторлық берешегі 6 580,9 мың теңгені құраған.

Шымкент қаласында жылыту кезеңінің 2.04-01-2017 ҚҰРЫЛЫС КЛИМАТОЛОГИЯСЫ* (ҚР СП) берілген жобалық режимімен параметрлеріне сәйкес 136 күнге жанар-жағармайдың, шикізаттың, желілік судың өзіндік құнын есептеу жүргізілуі тиіс. Жылыту кезеңінің басталуы мен аяқталуы қала әкімінің қаулыларына сәйкес қабылданады. 2021-2022 жылдардағы жылыту маусымының нақты ұзақтығы есептелген 136 күннің орнына 168 күнді құраған, тұрғындарға жылу 32 күн артық берілген. Бұл ретте жылу есептегіш құралдары жоқ тұтынушыларға көрсетілген қызмет үшін төлем 136 күндік есеп айырысу нормалары және жергілікті атқарушы органдар бекіткен тұтыну нормалары бойынша жүргізілген. Ал, «Энергоорталық-3» АҚ-на барлық сатып алынған жылу қуатына төлем жүргізген. Осының есебінен төменде кестеде көрсетілгендей нормативтен тыс жылу қуатының ысыраптары орын алып, 2017-2021 жылдарға қосымша 1 304 931,86 мың теңге шығын болған, оның ішінде 2020 жылы 358 974,8 мың теңге, 2021 жылы 203 026,9 мың теңге, 2022 жылы 220 479,3 мың теңгені құраған.

Жылу қуатын нормативтан тыс жоғалту

№	Атауы	2020	2021	2022
1	Сатып алу	565 817,80	534 845,00	532 423,0
2	Сату	342 767,73	354 793,17	350 138,5
3	Барлық ысырап	223 050,07	180 051,83	182 284,4
4	Нормативтік ысырап(24,7%)	139 757,00	132 106,72	131 508,4

5	Нормадан тыс ысыраптар	83 293,07	47 945,12	50 775,9
6	3-ЭО тарифы	4 309,78	4 234,57	4 342,2
7	Шығын	358 974,82	203 026,95	220 479,3

Кәсіпорынның балансына өткен «Тұран», «Төлеметова», «Отау», «Керемет», «Шымсити», «НьюСити» қазандықтары бойынша шығындар тарифтік сметаға енгізілмеген. Нәтижесінде, бұл қазандықтар бойынша 2018-2021 жылдарда 323 395,56 мың теңге қосымша шығындар орын алған, оның ішінде 2020 жылы 95 376,7 мың теңгені құраса, 2021 жылы 145 180,7 мың теңгені құраған.

Тарифтік сметаға еңбеген жаңадан қосылған қазандықтар бойынша

№	Атауы	2018	2019	2020	2021	Барлығы
1	Кіріс	40 804,78	80 644,76	110 764,98	213 280,01	445 494,53
2	Шығыс	79 843,33	124 444,26	206 141,72	358 460,78	768 890,09
3	Пайда/зияндар	-39 038,55	-43 799,50	-95 376,74	-145 180,77	-323 395,56

Сонымен қатар, қосымша өтелмеген шығындардың туындауынан Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 26 қарашадағы №266 қаулысына сәйкес, кәсіпорынның балансына 8 бірлік таратушы қосалқы станция-10 кВ, КТП – 235 бірлік, ТП – 8 бірлік, ӘЖ – 10 кВ – 169 382 км, ВЛ – 0,4 кВ – 746,558 км, КЖ – 0,4 кВ – 6,41 км, КЖ – 10 кВ – 50,519 км. қосалқы станциялары, сондай-ақ 700 км. кабель, 10 кВ әуе желілері және 2,5 км. 0,4 кВ әуе желілерінің өтуі де әсер еткен. Бұл құрылғылардың істен шығып және жарамсыз болып табылуына байланысты, оларды қалпына келтіруге және жөндеуге 2018-2021 жылдары 584 000,00 млн.теңгеқаржыжұмсалған, оның ішінде 2020 жылы 253 000,0 мың теңге, 2021 жылы 116 000,0 мың теңге жұмсалған.

Тарифтік сметаға еңбеген жаңадан қосылған қазандықтар бойынша

№	Атауы	2019	2020	2021	Барлығы
1	Шығындар	215 000,00	253 000,00	116 000,00	584 000,00

2017-2021 жылдарға арналған шекті тарифтік сметада электр қуатының жалпы бағасы 1 кВт электр қуатына 16 теңгеден кіргізілген. 2021 жылдың аяғына бұл баға 29 теңгеге өскен. Электр қуаты стратегиялық тауарлар санатына жатпағандықтан, нәтижесінде 572 084,31 мың теңге шығын орын алған.

Электр қуаты бағасының өсуінен орын алған шығындар

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019	2020	2021
1	Тарифтегі баға	теңге/кВт	16,00	16,00	16,00	16,00	16,00
2	Нақты баға	теңге/кВт	18,99	18,99	18,99	22,01	29,70
3	Ауытқу	теңге/кВт	-2,99	-2,99	-2,99	-6,01	-13,70

4	Сатып алынған электр қуаты	мың квт	32705,01	32 472,07	34 657,97	42 548,87	46 280,44
5	Жалпы шығын	мың теңге	-97 787,98	-97 091,49	-103 627,33	-255 718,71	-634 042,03

Кәсіпорын тарифі төмендеп отыруына байланысты, жоспарланған кіріс төмендеуінен шығынға ұшыраған.

№	Атауы	2019	2020	2021	2022
1	Бекітілген тарифтер	10260,78	10455,14	10632,89	10893,0
2	Қолданылған тарифтер	9486,01	9886,77	10083,77	10690,5
3	Ауытқу	774,77	568,4	549,1	203

Жоғарыдағы шығындардың орын алуына байланысты, жылыту маусымында үздіксіз жылу беру үшін және қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында кәсіпорын қаржылай қолдау көрсету үшін Шымкент қаласының бюджетіндегі қала әкімдігінің шұғыл шығындарға арналған резервінен келесі қаржылар бөлінген:

1. Шымкент қаласы әкімдігінің 13.03.2020 жылғы №144 қаулысымен 600 000,0 мың теңге;

2. Шымкент қаласы әкімдігінің 05.03.2021 жылғы №124 қаулысымен 800 000,0 мың теңге;

3. Шымкент қаласы әкімдігінің 01.02.2022 жылғы №148 қаулысымен 956 000,0 мың теңге бөлініп, келесі берешектерді өтеуге жұмсалған.

Сонымен қатар, 065 «Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарлама бойынша 499 399,0 мың теңге бөлініп, жұмсалған.

Шымкент қаласы әкімдігінің 13.03.2020 жылғы №144 қаулысымен 600 000,0 мың теңге бөлінген, оның ішінде:

- 23 000,0 мың теңге - 31.12.2019 жылғы №SD/3-EC/19-23256 келісім-шарт бойынша «3-Энергоорталық» АҚ-на электр энергиясы үшін (төлем тапсырмасы 17.03.2020 ж. №768);

- 577 000,0 мың теңге - 01.10.2018 жылғы №583 келісім-шарт бойынша «3-Энергоорталық» АҚ-на жылу энергиясы үшін (төлем тапсырмасы 17.03.2020 ж. №769);

Шымкент қаласы әкімдігінің 05.03.2021 жылғы №124 қаулысымен 800 000,0 мың теңге 01.11.2019 жылғы №SD/3-EC/19-22114/1 келісім-шарт бойынша «3-Энергоорталық» АҚ-на жылу энергиясы үшін (төлем тапсырмасы 10.03.2021 ж. №449) бөлінген;

Шымкент қаласы әкімдігінің 01.02.2022 жылғы №148 қаулысымен 956 000,0 мың теңге – 02.02.2022 жылы «3-Энергоорталық» АҚ-на жылу энергиясы үшін (төлем тапсырмасы 02.02.2022 ж. №217) жіберілген.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы тарапынан Шымкент қаласының жылу жүйелерін ағымдағы жөндеуге 2020 жылы 371012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 900 000,0 мың теңге және Шымкент

қалысының жылу желілерін жылу оқшаулауға 72 359,0 мың теңге аудитпен қамтылды. 2022 жылы 371028 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша Шымкент қаласының жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 519 999,0 мың теңге жаратылған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудитпен барлығы 44 139,8 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 2020 жылы 2 798,5 мың теңгені құраса, 2021 жылы 39 681,4 мың теңгені құрады. Тиімсіз пайдаланған қаржы көлемі 3 079 145,7 мың теңгені құрады және 108 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Қалпына келтірілуі тиіс 42 479,9 мың теңгенің 41 741,0 мың теңгесі аудит барысында бухгалтерлік есеп бойынша қалпына кетірілсе, өтелуге жататын 1 659,9 мың теңгенің 1 130,1 мың теңгесі аудит барысында өтелді.

Анықталған бұзушылықтар бөлінісінде;

Басқарма бойынша:

1. «Шымкент қаласы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистралды желілерді салу (ЖК-2 ден Арғынбеков - Сухэ Батор (Шаяхметова) көшелерінің қиылысына дейін жылу жолы учаскесі)» және «Шымкент қаласындағы №3 ЖК-ден №1 РК-ге дейін магистральды жылу желісін салу (Арғынбеков - Сухэ Батор көшелерінен 1-РК аумағының қоршауына дейінгі жылу трассасы учаскесі)» жобалары бойынша жүргізілген жұмыстарының сапасына бақылау өлшемі жүргізіліп, нәтижесінде Шымкент қаласындағы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистральдық желілер салу (№2 ТК-ден Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысына дейінгі жылу трассасының учаскесі), "Шымкент қаласында №2 ТК-ден №1 ҚР-ға дейінгі магистральдық жылу желісін салу жобасы бойынша жобалық сметалық құжаттаманың 2. «Құрылыс» Бөлімінің 23-позициясындағы (C1222-503-0201222-503-0201 РСНБ РК 2015) қаралған жалпы құны 135,0 мың теңге тұратын «Стремянка» орнатылмағандығы анықталды.

Сонымен қатар, Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысында, Адырбеков көшесі бойында жылу магистралі өткен жол мен тротуарда бірнеше жерлерінде асфальт жабындыларының сапасыз орындалуы салдарынан ойылып, төмен түсіп кеткен жерлер анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары сақталмаған.

2. Атқарылған жұмыстардың сапасын анықтау мақсатында Шымкент қаласы бойынша "Жол активтері сапасының ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК-ның (бұдан әрі - Мемлекеттік кәсіпорын) маман бөлу жөнінде хат жолданып, Мемлекеттік кәсіпорын тарапынан автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау кезінде жұмыстарға сараптама қорытындылары берілді, нәтижесінде:

Шымкент қаласындағы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистральдық желілер салу (№2 ТК-ден Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысына дейінгі жылу трассасының учаскесі) бойынша:

- «Ел-Стандарт» ЖШС сынақ зертханасының хаттамасында сығу кезіндегі беріктік шегі МПа, 50°C температурада Тип Б, марка II, нормасы дұрыс көрсетілмеген.

- «Ел-Стандарт» ЖШС сынақ зертханасының хаттамасында сығу кезіндегі беріктік шегі МПа, 20°C температурада Тип Б, марка II, нормасы дұрыс көрсетілмеген.

- «Ел-Стандарт» ЖШС сынақ зертханасының хаттамасында суға төзімділіктің нормасы дұрыс көрсетілмеген.

- «Ел-Стандарт» ЖШС сынақ зертханасының хаттамасында тығыздалу коэффициенті 0,97 – 0,98 аралығында көрсетілген, алайда ҚНЖЕ 3.06.03-85 және ҚР ЕР 218-35-2016 сәйкес, тығыздалу коэффициенті 0,99 кем болмауы тиіс.

Сондай-ақ №232/1 жасырын жұмыстарды куәландыру актісінде асфальтбетон қоспасының түрі дұрыс көрсетілмеген. Актіде ұсақ түйірлі кеуекті деп көрсетілген. Нормативтік талаптар бойынша жоғарыда аталған асфальтбетон қоспасының мұндай түрі болмайды. Дұрыс аталуы ыстық тығыз ұсақ түйірлі асфальтбетон қоспасы деп аталады.

- Жалпы көмекші жолдың ені 3,60 м. Жолдың басталуы, Арғынбеков көшесінің бойында орналасқан жалпы білім беру мектебіне қарама-қарсы жолдан басталады. Жолдың соңы Пазикова және Арғынбеков көшелерінің қиылысымен бітеді. Көзбен шолу (визуальный осмотр) тексеру нәтижелері бойынша технологиялық процестің сақталмауына байланысты асфальтбетон жабынында 0,05 м-ден 0,30 м – ге дейін, сондай-ақ кей жерде 1,60 м-ге дейін отырған жерлер байқалады. Жолдың басынан соңына дейін ішінара, асфальтбетон жабындысының отырған жерлері анықталды. Жалпы отырған жолдың ауданы 381,2 м² құраған.

- «Шымкент қаласы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистралды желілерді салу (ЖК-2 ден Арғынбеков - Сухэ Батор (Шаяхметова) көшелерінің қиылысына дейін жылу жолы учаскесі)» жобасы бойынша:

Жалпы Еримбетов көшесінің сараптама жасаған учаскенің ұзындығы 1500м. Жолдың басталуы, Еримбетов көшесінің бойында орналасқан, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету станциясына (СТО) қарама-қарсы. Жолдың соңы Арғынбеков көшесіне дейін. Жолдың басынан соңына дейін ішінара, асфальтбетон жабындысының отырған жерлері анықталды. Көзбен шолу (визуальный осмотр) тексеру нәтижелері бойынша технологиялық процестің сақталмауына байланысты асфальтбетон жабынында 4,0 см – ден 15,0 см-ге дейін отырған жерлер байқалады. Жолдың басынан соңына дейін ішінара, асфальтбетон жабындысының отырған жерлері анықталды. Жалпы отырған жолдың ауданы 1604,1 м² құраған.

Яғни, бақылау өлшемі мен сараптама қорытындылары нәтижесі көрсеткендей сапасыз орындалған жұмыстарға бюджет қаражаты жаратылған.

Жоғарыда аталған екі жоба бойынша жалпы асфальтбетон жабындысының отырған жерлерінің жалпы көлемі 1985,3м² құраған. Жаратылған қаржы көлемі $1985,3 \times 304,17 \text{тн} = 603,9$ мың теңгені құраған.

Сонымен қатар, Шымкент қаласындағы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистральдық желілер салу (№2 ТК-ден Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысына дейінгі жылу трассасының учаскесі) жобасына 435 809,2 мың теңге жаратылып, 2021 жылғы 14 шілдедегі №10 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған.

"Шымкент қаласында №2 ТК-ден №1 ҚР-ға дейінгі магистральдық жылу желісін салу. (Арғынбеков - Сухе батор көшелерінен ҚР-1 аумағын қоршауға дейінгі жылу трассасының учаскесі)" жобасына 2 427 913,8 мың теңге жаратылып, 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №83 мемлекеттік қабылдау актісімен қабылданған.

Құны 435 809,2 мың теңгені құрайтын бір жоба бойынша мемлекеттік қабылдау актісі 2021 жылдың 14 шілдесінде қабылданса, құны 2 427 913,8 мың теңге құрайтын екінші жобаның мемлекеттік қабылдау актісі 2021 жылдың 28 желтоқсанда қабылданғанымен бүгінгі таңға іске қосылмаған. Яғни, аталған жобалар бойынша жаратылған 2 863 723,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жаратылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары сақталмаған.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарының орындалуын талдау барысында анықталғаны:

3. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39 бабы, 3 тармағының 4) тармақшасы негізінде 2022 жылдың 28 шілдедегі Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес, «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен "ҚуатЖылуОрталық - 3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны арасында 519 999,0 мың теңгеге 2022 жылғы 28 шілдедегі № 139 келісім шарты түзіліп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Алайда, ағымдағы жөндеу жұмыстарына негіз болатын кәсіпорын тарапынан ұсынылған ақау актілеріндегі жұмыс ауқымы мен нақты атқарылған жұмыс ауқымы және басқарма тарапынан бекітілген ағымдағы жөндеу жұмыстарының техникалық спецификация ведомостіндегі кейбір жұмыстар мен құрал жабдықтар сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Атап айтқанда, 2022 жылдың қыркүйек айындағы атқарылған жұмыстар актісінің №20 сметалық позициясына сәйкес, 1 комплектінің құны 10 129 464,3 теңге тұратын жалпы 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегатқа 40 517 857 теңге төленген, алайда бұл негізгі құралдар ақау актілері мен техникалық спецификация ведомостінде көрсетілмеген. Яғни, ақау актісіндегі 40 517 857 теңгенің жұмыс ауқымының орнына негізгі құралдар сатып алынып, бюджет қаражаты тиімсіз жаратылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» және 13) тармақшасының «жауапкершілік принципінің» талаптары сақталмаған.

4. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39 бабы, 3 тармағының 4) тармақшасы негізінде Кәсіпорын мен «Адил Энерго» ЖШС арасындағы 2022 жылғы 01 тамыздағы түзілген №56 келісім шарттың №1,2,3,4,5,6,7,8 қосымшаларына сәйкес, түрлі материалдар мен жабдықтар алынған.

Оның ішінде №8 қосымшасына сәйкес 10 129 464,29 теңге тұратын 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегат жалпы 40 517 857 теңгеге сатып алынып, 2022 жылдың 12 желтоқсандағы №88 жүк құжатына және 2022 жылдың 12 желтоқсанындағы ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу актісіне сәйкес, кәсіпорын балансына алынған.

2022 жылдың 29 қарашасындағы №2336 төлем құжатымен 5000,0 мың теңге, 2023 жылдың 30 қаңтарындағы №204 төлем құжатымен 15000,0 мың теңге және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы №226 төлем құжатымен 25000,0 мың теңге «Адил Энерго» ЖШС-нің есеп шотына аударылған. Жалпы серіктестіктің есеп шотына аударылған қаржы көлемі 45 000,0 мың теңгені құраған.

2022 жылғы қыркүйек айындағы №3 атқарылған жұмыстар актісі бойынша №20 сметалық позициясына сәйкес 1 комплектінің құны 10 129 464,3 теңге тұратын жалпы 4 комплект 40 517 857 теңге тұратын «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегат алынған.

Яғни, «Адил Энерго» ЖШС-нің 2022 жылдың 12 желтоқсандағы №88 жүк құжатына және кәсіпорынның 2022 жылдың 12 желтоқсанындағы ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу актісіне сәйкес, 2022 жылдың қыркүйек айында 40 517 857 теңге тұратын «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегат алынбай тұрып, атқарылған жұмыс актісі мен 2022 жылғы 12 қыркүйектегі №3 анықтамаға сәйкес басқарма тарапынан жұмыс ауқымы қабылданған.

Одан басқа, жоғарыда аталған ағымдағы жөндеу жұмыстарына қолданылған құрал жабдықтар «Адил Энерго» ЖШС-нен алынған. «Адил Энерго» ЖШС-нен алынған тауарлардың жеткізілген мерзімдері төмендегіше:

2022 жылдың 15 қыркүйегіндегі №51 жүк құжатына сәйкес 34 985 663 теңгеге, 2022 жылдың 21 қазандағы №61 жүк құжатына сәйкес 87 162 798,50 теңгеге, 2022 жылдың 26 қазандағы №66 жүк құжатына сәйкес 7 266 906 теңгеге, 2022 жылдың 26 қазандағы №63 жүк құжатына сәйкес 42 060 058 теңгеге, 2022 жылдың 27 қазандағы №68 жүк құжатына сәйкес 10 605 276,12 теңгеге, 2022 жылдың 27 қазандағы №67 жүк құжатына сәйкес 1 229 541,26 теңгеге, 2022 жылдың 28 қазандағы №69 жүк құжатына сәйкес 470 099,28 теңгеге, 2022 жылдың 28 қазандағы №70 жүк құжатына сәйкес 19 081 793 теңгеге, 2022 жылдың 04 қарашадағы №72 жүк құжатына сәйкес 35 062 925,71 теңгеге, 2022 жылдың 09 қарашадағы №73 жүк құжатына сәйкес 3 556 334 теңгеге, 2022 жылдың 22 қарашадағы №74 жүк құжатына сәйкес 84 979 теңгеге

және 2022 жылдың 12 желтоқсандағы №88 жүк құжатына сәйкес 45 380 000 теңгеге тауарлар жіберілген. Жалпы 286 946 372 теңгеге материалдар мен құрал жабдықтар алынған.

Ал, атқарылған жұмыстардың актілерін салыстыру барысында тамыз айында 226 499,7 мың теңгеге және 111 757,4 мың теңгеге екі рет жабылған, қыркүйек айында 121 379,8 мың теңгеге, 35 549,8 мың теңгеге, 24 812,3 мың теңгеге жұмыс ауқымы орындалды деп басқарма тарапынан қабылданған.

Яғни, ағымдағы жөндеу жұмыстарына алынған құрылыс материалдар қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында сатып алынса, жұмыс ауқымы тамыз бен қыркүйек айлары аралығында ф.№2 атқарылған жұмыс актілері мен №3 анықтамаларға сәйкес қабылданған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 9) тармақшасының «негізділік принципі» мен 13) тармақшасының «жауапкершілік принципінің» талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарының орындалуын талдау барысында анықталғаны:

5. Басқарманың мемлекеттік сатып алу жоспары «Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» жылдық жоспарын бекітіп, <https://www.goszakup.gov.kz/> мемлекеттік сатып алу Веб-порталында кеш орналастыру салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 6 тармағының талабы 4 факт бойынша сақталмаған.

6. Басқарманың мемлекеттік сатып алу жоспары «Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» жылдық жоспарына айына екі реттен көп өзгерістер енгізілген фактілері анықталып, яғни мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына айына екі реттен асырмай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы деген талап сақталмай Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағының талабы 48 факт бойынша сақталмаған.

7. Басқарма басшысының «Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен жылдық жоспарына өзгерістер енгізілген және <https://www.goszakup.gov.kz/> мемлекеттік сатып алу Веб-порталында орналастырылған. Алайда, бір бұйрықпен тағы бір неше рет мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер енгізіп, оны мемлекеттік сатып алу Веб-порталына орналастырылу салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағының 6) тармақшасының талабы 32 факт бойынша сақталмаған.

Кәсіпорын бойынша:

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39 бабы, 3 тармағының 4) тармақшасы негізінде Кәсіпорын мен «Адил Энерго» ЖШС арасындағы 2022 жылғы 01 тамыздағы түзілген №56 келісім шарттың №1,2,3,4,5,6,7,8 қосымшаларына сәйкес түрлі материалдар мен жабдықтар алынған.

Оның ішінде №8 қосымшасына сәйкес 10 129 464,29 теңге тұратын 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегат жалпы 40 517 857 теңгеге сатып алынып, 2022 жылдың 12 желтоқсандағы №88 жүк құжатына және 2022 жылдың 12 желтоқсанындағы ұзақ мерзімді активтерді қабылдап алу актісіне сәйкес, кәсіпорын балансына алынған.

2022 жылдың 29 қарашасындағы №2336 төлем құжатымен 5000,0 мың теңге, 2023 жылдың 30 қаңтарындағы №204 төлем құжатымен 15000,0 мың теңге және 2023 жылдың 31 қаңтарындағы №226 төлем құжатымен 25000,0 мың теңге «Адил Энерго» ЖШС-нің есеп шотына аударылған. Жалпы серіктестіктің есеп шотына аударылған қаржы көлемі 45 000,0 мың теңгені құраған.

Алайда, Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы мен "ҚуатЖылуОрталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны арасындағы 2022 жылғы 28 шілдедегі №139 келісім шарт негізінде Шымкент қаласының жылу жүйесінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 519 999,0 мың теңге атқарылған ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін кәсіпорын есеп шотына аударылған.

Оның ішінде, 2022 жылдың 10 тамызындағы анықтамаға сәйкес 226 499,7 мың теңге, 2022 жылдың 23 тамызындағы анықтамаға сәйкес 111 757,4 мың теңге, 2022 жылдың 15 қыркүйегіндегі анықтамаға сәйкес 121 379,8 мың теңге, 2022 жылдың 23 қыркүйегіндегі анықтамаға сәйкес 35 549,8 мың теңге және 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі анықтамаға сәйкес 24 812,3 мың теңге аударылған.

Аударылған қаржылардың негізділігін талдау барысында 2022 жылдың қыркүйек айындағы атқарылған жұмыстардың актісінің №20 сметалық позициясына сәйкес 1 комплектінің құны 10 129 464,3 теңге тұратын жалпы 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегатқа 40 517 857 теңге ағымдағы жөндеу жұмыстарымен бірге төленген.

Бүгінгі күнге кәсіпорынның балансында 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегат тіркелген. Немесе 40 517,857 мың теңге бюджет қаражаты кәсіпорын есеп шотына аударылған.

Алайда, 4 комплект «Агрегат сварочный ALTECO ADW 400-2 (Шасси ШАО 8331,8 УАЗ торсион)» сваркалық агрегаттың 3 комплектісі бүгінгі күнге пайдаланылмай қоймада тұрғандығы анықталды.

Яғни, бюджет қаражаты есебінен алынған сваркалық агрегатқа жаратылған $(40\,517,8 - 10\,129,5 = 30\,388,4)$ 30 388,4 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының (тиімділік қағидаты) талаптары сақталмаған.

2. Даму жоспары бойынша 2020 жылы жалпы қызметкерлердің саны 628 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 34 бірлікті құраған, ал нақты

бекітілген штаттық кестегі сәйкес, 2020 жылы жалпы қызметкерлердің саны 701 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 35 бірлікті құраған. Немесе жалпы 73 бірлікке даму жоспарынан артық бекітілген оның ішінде басшылар құрамы 1 бірлікке артық бекітілген.

Даму жоспары бойынша 2021 жылы жалпы қызметкерлердің саны 700 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 34 бірлікті құраған, ал нақты бекітілген штаттық кестегі сәйкес, 2021 жылы жалпы қызметкерлердің саны 701 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 35 бірлікті құраған. Немесе жалпы 1 бірлікке даму жоспарынан артық бекітілген оның ішінде басшылар құрамын 1 бірлікке артық бекітілген.

Даму жоспары бойынша 2022 жылы жалпы қызметкерлердің саны 668 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 29 бірлікті құраған, ал нақты бекітілген штаттық кестегі сәйкес, 2022 жылы жалпы қызметкерлердің саны 733 бірлікті құраса оның ішінде басшылар құрамы 88 бірлікті құраған. Немесе жалпы 65 бірлікке даму жоспарынан артық бекітілген оның ішінде басшылар құрамын 59 бірлікке артық бекітілген.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес, 2020, 2021 және 2022 жылы әкімшілік персоналға арналған қызметтік автомобильдердің жалпы саны 5 бірлікті құраған және жеңіл автокөліктерді жалға алу қарастырылмаған. Кәсіпорынның теңгерімінде бухгалтерлік есеп бойынша 2020, 2021 және 2022 жылдары нақты 10 жеңіл автокөлік тіркелген, сонымен қатар, 2022 жылы үш жеңіл автокөлік жалға алынған.

Яғни, даму жоспарларында әкімшілік персоналға арналған қызметтік автомобильдердің бекітілген нормасынан 2 есеге асып кеткен немесе 5 жеңіл автокөлік артық.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» мен 13) тармақшасының «жауапкершілік принципінің» талаптары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қағидаларының 11-қосымшасының талаптары сақталмаған.

3. 2022 жылы 05 қаңтардағы №2-2 келісім шарт негізінде кәсіпорын теңгеріміндегі Киа Каденза мен Шевролет Малибу автокөліктері жалға берілген. Бір айға жалға беру құны 130,0 мың теңгені құраған.

Автокөліктерді жалға беру келісім шартының 3.2.8. тармағына сәйкес, автокөліктердің жанар жағар майлары жалға алушы тарапынан берілуі тиіс еді,

алайда жоғарыда аталған екі автокөлікке 2022 жылдың наурыз бен маусым айлары аралығында жанар жағар майлар кәсіпорын тарапынан жаратылған.

Жаратылған жанар жағар майлар 2022 жылғы наурыз айының атісіне сәйкес, Киа Каденза автокөлігіне 400 литр, сәуір айының атісіне сәйкес 600 литр, маусым айының атісіне сәйкес 600 литр, ал Шевролет Малибу автокөлігіне наурыз айының атісіне сәйкес 500 литр, сәуір айының атісіне сәйкес 600 литр, маусым айының атісіне сәйкес 600 литр жанар жағар май жаратылған. Немесе үш айда жоғарыда аталған автокөліктерге 3300 литр жанар жағар май шығындалып, жалпы 529,8 мың теңге кәсіпорын қаражаты негізсіз жаратылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 9) тармақшасының «негізділік принципі» мен 13) тармақшасының «жауапкершілік принципінің» талаптары сақталмаған.

Бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығын талдау барысында анықталғаны:

4. Шымкент қаласы Қуатжылуорталық-3 МКК-ның 2020 жылғы қаржылық есептілігінің ұсынылған есебіндегі Айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операциямен жүргізілген. Жалпы соммасы 2 798,5 мың теңгеге бұрмалауға жол берілсе 2021 жылғы айналым балансында, бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей, жалпы соммасы 29 973,0 мың теңгеге бұрмалауға жол берілген. Яғни 2020-2021 жылдары бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 5 бабының, 6 бабының 3 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №241 бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 15,16,18 тармақтарының талаптары сақталмаған.

5. Кәсіпорын 2021 жылы «КамазЕвроСервис» ЖШС-нан 3 дана КАМАЗ 65115-6058-50 маркалы автокөлігін және «МКТ Kaisar Group» ЖШС-дан 12 дана компьютер жиынтығын сатып алады. Негізгі құралдарды есепке алу барысында ҚҚС (қосалқы құн салығын) алып тастап кіріске алынған, есепке алу дұрыс жүргізілмей, жалпы соммасы 8 969,5 мың теңге бұрмалауға жол берілген. Яғни бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 5 бабының, 6 бабының 3 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №241 бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 15,16,18 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Айлық жалақы мен сыйақы төлену дұрыстығын талдау.

6. Кәсіпорын директоры, орынбасарлары мен бас бухгалтер 2020 жылы жалпы 120,0 мың теңге 2021 жылы 160,0 мың теңге және 2022 жылы 120,0 мың теңге сыйақы алу барысында мемлекеттік басқару органы тарапынан белгілемегеніне немесе бұйрық шығарылмағанына қарамастан Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 11 шілдедегі №26 қаулысымен бекітілген

Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы "ҚуатЖылуОрталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Жарғысының 38 тармағының талаптары сақталмай сыйақы берілген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының (тиімділік қағидаты) және 13) тармақшасының «жауапкершілік принципінің» талаптары сақталмаған.

7. Айлық жалақының жалпы есептелініп жаратылуын ішінара талдау барысында 2022 жылдың желтоқсаны айына кейбір жұмыстан босатылған кәсіпорын қызметкерлерінен жалпы 720,1 мың теңге айлық жалақыларына жеті кәсіпорынның қызметкеріне артық төленіп, ұсталынбағандығы анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы N 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің» 103-бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің» 4-бабының негізділік принципі және Кәсіпорынның қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі туралы ережесінің 2.3.3. тармағының талаптары сақталмаған. Кәсіпорын қызметкерлерінің айлық жалақылары бюджеттен емес өз табыстарынан алынуына байланысты айлық жалақыға артық төленген кәсіпорын қаржылары кассаға кіріске алынды.

8. Аудит жүргізу барысында, кәсіпорын тауарлы құндылықтарына ішінара түгендеу (бақылау өлшемі) жүргізіліп, нәтижесінде 2022 жылдың 22 қыркүйек айынан бастап баланстық құны 49 999,9 мың теңгені құрайтын «Art BOILERS су жылыту қазандығы КГ 5815 компоненттері бар» инвентарлық №0862874, баланстық құны 49 999,9 мың теңгені құрайтын «Art BOILERS су жылыту қазандығы КГ 5815 компоненттері бар» инвентарлық №0862875 Кәсіпорында пайдаланылмай тұрғандығы анықталды. Жалпы пайдаланылмай тұрған негізгі құралдардың құны 99 999,8 мың теңгені құрайды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының (тиімділік қағидаты) және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4) тармақшасының талаптары сақталмаған.

9. Аудит жүргізу барысында, Кәсіпорынның тауарлары мен құндылықтарына ішінара түгендеу (бақылау өлшемі) жүргізіліп, нәтижесінде 2021 жылдың 31 желтоқсан айынан бастап баланстық құны 30 380,0 мың теңгені құрайтын «ГАЗ-27057, фургон 2021 ж., үш орындық: металл корпусы бар фургон (жабдықтары бар жылжымалы электр зертханасы)» инвентарлық №0862876 Кәсіпорында пайдаланылмай тұрғандығы анықталды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының (тиімділік қағидаты) және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4) тармақшасының талаптары сақталмаған.

10. Шымкент қаласы әкімінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы Кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту туралы №971 қаулысына сәйкес,

баланстық құны 9 180,0 мың теңге тұратын 2015 жылы шығарылған Kia Каденза және Шымкент қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 сәуіріндегі теңгерімнен теңгерімге беру туралы №80 қаулысына сәйкес, баланстық құны 4 957,6 мың теңге тұратын 2014 жылы шығарылған Шевролет Малибу автокөліктері Кәсіпорынның балансына алынған. Яғни, кәсіпорын балансындағы автокөліктерді өз қажеттілігіне пайдаланбай жеке кәсіпкерлерге жалға беріп, қосымша 3 жеңіл автокөлік жалға алынған.

Бұл ретте, жалпы құны 14 137,6 мың теңге тұратын кәсіпорынның екі автокөлігі тиімсіз пайдаланып, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4-бабы 12) тармақшасының «тиімділік қағидаты» талаптары және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарының орындалуын талдау барысында анықталғаны:

1. Тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен жоспарға өзгерістер енгізіліп, <https://www.goszakup.gov.kz/> мемлекеттік сатып алу Веб-порталында кеш орналастырылу салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағының 6) тармақшасының талабы сақталмаған.

2. Кәсіпорын тарапынан 4000 айлық есептік көрсеткіштен асып кететін біртекті тауарларды сатып алу салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-тарауының 37 бабының 1 тармағының талабы сақталмаған.

3. Кәсіпорын тарапынан 100 айлық есептік көрсеткіштен асып кететін біртекті тауарларды бір көзден сатып алу тәсілін қолдану салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3 тармағы 42) тармақшасының талаптары 2 факт бойынша сақталмаған.

4. Кәсіпорын тарапынан қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті тауарларды мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылмау салдарынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 3 тармағының 50 тармақшасының талаптары 5 факт бойынша бұзылған.

5. Кәсіпорынтарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3) тармақшасының «Өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді» және 12 бабының 4 тармағының 3) тармақшасының 2 абзацы «Тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының

мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті» талаптары 5 факт бойынша сақталмаған.

6. Кәсіпорын тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы, 10-тармағында *«Осы Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 31), 32) және 35) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді»* және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген *«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының»* 17-тармағында *«Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 31), 32) және 35) тармақшаларына және 50-бабына сәйкес сатып алуды қоспағанда, мемлекеттік сатып алудың бекітілген (нақтыланған) жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді»* деген талаптары сақталмай, мемлекеттік сатып алу веб-порталын қолданылмай, тауарларды қағаз түрінде келісім-шарт түзіліп, 7 факт бойынша сатып алынғандығы анықталды.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Аудит барысында қалпына келтірілуі тиіс 41741,0 мың теңге есеп бойынша толығымен қалпына келтірілсе, өтелуге жататын 1659,9 мың теңгенің 1130,1 мың теңгесі өтелді.

Қағиданың талаптарына сәйкес, Заң қызметі басшысының келісімімен тиісті құжаттар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін уәкілетті органдарға жолданды.

Қорытынды дайындау кезеңінде Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне жолданған материалдарға сәйкес, бес лауазымды тұлғаларға жалпы он алты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, әкімшілік жауапкершіліктерге тартылған. Атап айтқанда, Энергетика Басқармасы бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 207 бабының 13 тармағы бойынша екі лауазымды тұлғаға (*басшы міндетін атқарушылар*) алты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, жауапкершілікке тартылған.

Ал, Кәсіпорын бойынша ӘҚБтК 207 бабының 11 тармағымен бір лауазымды тұлғаға (*Кәсіпорынның директор міндетін атқарушы*) он бір, ӘҚБтК 207 бабының 10 тармағымен екі лауазымды тұлғаға (*Кәсіпорынның директор міндетін атқарушылар*) бес және ӘҚБтК 238 бабының 1 тармағының, 2) тармақшасымен бір лауазымды тұлғаға (бас есепші) әкімшілік

құқық бұзушылық туралы хаттамалары толтырылып, жауапкершіліктерге тартылған.

Шымкент қалалық прокуратурасының 2023 жылғы 16 наурыздағы №2-40-23-03936 санды сұрау хатына сәйкес, «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне түзілген аудиторлық есептің және дәлелді құжаттардың көшірмелері 2023 жылдың 14 сәуірінде №09/297 санды хатпен қарау үшін жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Аудитпен барлығы 44 139,8 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 2020 жылы 2 798,5 мың теңгені құраса, 2021 жылы 39 681,4 мың теңгені құрады. Тиімсіз пайдаланылған қаржы көлемі 3 079 146,7 мың теңгені құрады және 108 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Қалпына келтірілуі тиіс 42 479,9 мың теңгенің 41 741,0 мың теңгесі аудит барысында бухгалтерлік есеп бойынша қалпына кетірілсе, өтелуге жататын 1 659,9 мың теңгенің 1 130,1 мың теңгесі аудит барысында өтелді.

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

- тиімділік - қабылданған шаралар есебінен өңірдің жылумен жабдықтау жағдайын жақсарту және дамыту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылған яғни, жылумен жабдықтау саласында іске асырылып жатқан жобалардың көрсеткіштері, Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға даму жоспарына сәйкес орындалуда.

- нәтижелілік – тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу бойынша, аудит барысында жүргізілген бақылау өлшемі мен сараптама қорытындылары нәтижесі көрсеткендей сапасыз орындалған жұмыстарға және кейбір орындалмаған жұмысқа бюджет қаражаты жаратылуы және тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының болуы тікелей түпкі нәтижеге қол жеткізуге кедергісін тигізді деп тұжырым жасауға болады.

Арнайы көрсеткіштер (Өлшем):

- жылумен қамтамасыз ету, тозу деңгейін төмендету бойынша жылу шығынын азайту бойынша 2016-2022 жылдары тозығы жеткен жылу жүйелері 70%-дан 37%-ға төмендеген, немесе 519 шақырым тозығы жеткен жылу жүйе құбырларының 247 шақырымы жөнделген. 2023-2027 жылдары қалған 304 шақырымының 100 шақырымын жөндеуден өткізу немесе 37%-дан 31%-ға төмендету жоспарланған.

- табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларында көзделген жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу бойынша инвестициялық бағдарламалар Қазақстан Республикасының даму басымдықтары және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленген.

Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің мемлекеттік

аудиті» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан жүйелі бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Жоғарыда аталған жобалардың ішінде сапасыз орындалған жұмыстардың болуы, кейбір орындалмаған жұмысқа бюджет қаражаты жаратылуы және тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының болуы басшылық тарапынан бақылаудың төмен болуы салдарынан орын алып отырғандығын көрсетеді.

Жалпы бюджет қаражатының жұмсалуды бойынша сапалы мониторингінің жүргізілмеуі мен бюджет қаражатын пайдалану кезінде қолданыстағы заңнамалардың сақталмауы салдарынан бюджет қаржыларының тиімді жұмсалудына кері әсерін тигізген.

Бұл өз кезегінде бюджетті жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, сонымен қатар бюджет қаржысын пайдалану барысында аудит объектілері басшыларының жауапкершілігін арттыруды қажет етеді.

Жалпы «Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шараның нәтижесімен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша тексеру комиссиясының отырысында аудиторлық қорытындыны бекітуді ұсынамын.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша 41 741,0 мың теңгеге бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілгені және 1 130,1 мың теңге өтелгені назарға алынсын.

Шымкент қалалық прокуратурасының 2023 жылғы 16 наурыздағы №2-40-23-03936 санды сұрау хатына сәйкес, «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне түзілген аудиторлық есептің және дәлелді құжаттардың көшірмелері 2023 жылдың 14 сәуірінде №09/297 санды хатпен қарау үшін жолданғаны назарға алынсын.

Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқамалары ұсынылсын.

1. «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекеменің басшысына:

1) Шымкент қаласындағы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистральдық желілер салу (№2 ТК-ден Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысына дейінгі жылу трассасының учаскесі), «Шымкент қаласында №2 ТК-ден №1 ҚР-ға дейінгі магистральдық жылу желісін салу» жобасы бойынша жобалық сметалық құжаттаманың 2. «Құрылыс» Бөлімінің 23-позициясындағы (С1222-503-0201222-503-0201 РСНБ РК 2015) қаралған жалпы құны 135,0 мың теңге тұратын «Стремянка» орнату жұмыстары жүргізілсін;

2) Шымкент қаласындағы №1 аудандық қазандықты жылумен жабдықтау үшін магистральдық желілер салу (№2 ТК-ден Арғынбеков-Сухэ Батор (Шаяхметов) көшелерінің қиылысына дейінгі жылу трассасының учаскесі) мен "Шымкент қаласында №2 ТК-ден №1 ҚР-ға дейінгі магистральдық жылу желісін салу. (Арғынбеков - Сухе батор көшелерінен ҚР-1 аумағын қоршауға дейінгі жылу трассасының учаскесі)" жобалары бойынша жалпы асфальтбетон жабындысының отырған жерлерін қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

3) Бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану барысында басқарма мен ведомстволық бағыныстағы «ҚуатЖылуОрталық - 3» МКК-да Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізу ұсынылсын;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

5) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар мен ұсынымдар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2023 жылдың 20 маусымына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

2. Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы "ҚуатЖылуОрталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директорына:

1) Кәсіпорын тарапынан жалғы берілген Киа Каденза (мемлекеттік нөмірі 017 DD17) мен Шевролет Малибу (мемлекеттік нөмірі 901 AG17) автокөліктердің жанар жағар майларына негізсіз жаратылған 529,8 мың теңгені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін.

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

3) Бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану барысында Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізу ұсынылсын;

4) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар мен ұсынымдар бойынша

кабылданған шаралар туралы мәлімет 2023 жылдың 20 маусымына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша Шымкент қаласы әкімдігіне ақпарат жолдансын.


3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 57 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі




Н.Абдезов

Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы



А.Утебаев

Заң қызметінің басшысы



Н.Омаров

Сапаны бақылау бөлімінің басшысы



Г.Елшибаев

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы – мемлекеттік аудитор



Е.Есиркепов

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы - мемлекеттік аудитор



Ш.Сариева